


Бекітемін:

Мектеп директоры:



С.М.Издина
С.М.Издина

Педагогикалық кеңесте қаралды

№1 хаттама

31.08.2022 жыл

**М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта
мектебінің «Жауқазын» шағын орталығындағы
«Қошақан» ересек тобының тәрбиешісі Спан Гүлназ
Талғатқызының
2022-2023 оқу жылына арналған
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ «Жауқазын»шағын орталығы

Топ: «Қошақан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспар құрылу кезеңі:Қыркүйек айы 2022-2023оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айнапдыра қимылдатуды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған жіне тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшнмен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4-5 рет) жүрелеп екі қолды белге екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп отыру аяқтың ұшын созу, табанды бұту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Сапта Бір бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау</p> <p>Музыкалық ырғақты жаттығулар. Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныыс ден жаттығуларын орындау. Спорттық ойын элементтері; 1 кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру</p>

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді жіне ызаң дыбыстарды анық айтуды үйрету.</p> <p>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдерімен байыыту.</p> <p>Тұрмыстық заттармен және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру байланыстырып сөйлеу;</p>
	Көркем әдебиет	<p>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға әңгіме ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір табиғат , қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру;</p>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамы	Математика негіздері	<p>Жиын.</p> <p>1) әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;</p> <p>2) заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең емес екендігін анықтай білуді үйрету</p>
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-	Сурет салу	<p>Заттық сурет салу.</p> <p>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, бояулармен дәстүрлі жіне дәстүрден тыс тәсілдермен</p>

		сурет салудың техникасын жетілдіру. Өртірлі бағыттығы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқасодан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.
	Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету; қағазды тқбұрышты парағынжартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдың негізгі түріне желімдеу. Қағаз параған көлемді пішіндерге қайта келтіру қағазды кесекке орамдарға ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.
	Музыка (аптасына 2 рет)	Музыка тындау .Әр түрлі сипаттағы қарқынды музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын ол туралы пікірін айту; Ән айту. Әр түрлі сипаттағы әндерді қабылдау әуенді дұрыс нақты интонациялау, сөздерді дәл айтту дағдыларын қалыптастыру; Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарын орындау дағдыларын қалыптастыру; Билер. Ойындар, хорводтар.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; Балалардың отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қармы қатынастарын атау дағдыларын қалыптатыру.

Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ «Жауқазын»шағын орталығы

Топ: «Қошақан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4-5 жас

Жоспар құрылу кезеңі:Қазан айы 2022-2023оқу жылы

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (аптасына 3 рет)	<p>Негізгі қимылдар Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға)бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, , қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, Қолды екі жаққа созып,көздерін жұмып,заттардан аттап өту. сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; Секіру: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру. заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p>

Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтау. халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру.</p>
	Т а н ы м д ы қ	<p>Математика негіздері</p> <p>Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,</p> <p>Сан, санау.</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты</p>

		<p>қосу. «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, Ұзындығы бойынша заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып атай білуге үйрету. геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау,)</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен).</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</p>	<p>Сурет салу</p>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p> <p>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау,</p> <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солданоңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.</p> <p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, шаршы пішіндегі қазақ оюларының элементтерін:«қызғалдақ», «ирек»,суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p>әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас</p>

	<p>бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру..</p>
Жапсыру	<p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p> <p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінің қию және ол заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Құрастыру	<p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау.</p>
Музыка (аптасына 1 рет)	<p>Музыка тыңдау.</p> <p><u>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Мзыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.</u></p> <p>Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар.</p> <p>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;</p>

Әлеуметтік- эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді; ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната алады; жабайы аңдарды, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін біледі; өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінеді;
--	----------------------------------	---